«Dostyq school Shymkent»кітапханасының 2024-2025 оқу жылының жылдық өткізілген іс-шарасының

ЕСЕБІ

2024-2025 оқу жылында кітапхана ҚР Білім және ғылым министрлігінің
2016 жылғы 19 қаңтарындағы №44 және 2016 жылғы 28 қаңтарындағы №91 бұйрығына сүйене отырып жұмыс жүргізді.

Мектеп кітапханасының негізгі мақсаттары мен бағыттары:

- Мектеп оқушыларын оқулықтармен қамтамасыз ету;
- Жаңа бағдарлама бойынша сұранысқа берілген қажетті оқулықтарды алу;
- Оқушылардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыру және ақпараттық мәдениетін жетілдіру;
- Оқушының жан-жақты тәрбиеленуіне, ой-өрісін нығайтуға көмектесу;
- Оқырманды кітап оқуға шақыру, кітапты насихаттау;
- Мұғалімдердің іскерлік шеберліктерін арттыруға көмек беру;
- «Оқуға құштар мектеп» жобасы , «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру мақсатында жұмыс жасау.

Кітапхана мына бағытта жұмыс жүргізді:

- «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жұмыстар жүргізілді;
- Оқырман формуляры бойынша оқу залында және абонементте оқырмандарға жеке қызмет көрсетуді ұйымдастырылды;
- Мәнерлеп оқу сайыстары, сұхбаттар жүргізілді.
- Тақырыптық библиографиялық анықтамалар орындалды;
- Кітап көрмелері ұйымдастырылды;
- Оқу бағдарламалары мен жоспарларына сай көрмелер ұйымдастырып, пән апталықтарына көмек берілді;
- Жаңа оқу жылына мектеп әкімшілігімен ақылдаса отырып, оқулыққа тапсырыс берілді;
- «Бір ел-бір кітап» акциясы аясында Төлен Әбдікұлының шығармалары насихатталды;
- Кітапханада сұхбаттар, дөңгелек үстел, мәнерлеп оқу сайыстары жүргізілді.

2024-2025 оқу жылында оқулықпен қамтылуы

Сыныптар	Оқушылар саны	Оқулықпен қамтылуы	Оқулықпен қамтылу үлесі%
10 сынып	54	250	80%
11 сынып	65	300	80%
Барлығы	119	550	

Кітап қорын қалыптастыру мақсатында:

1. Оқу баспасын қабылдау және техникалық өңделді;
2. Жаңа түскен оқулықтар есепке алынды;
3. Келіптүскенбасылымдарқабылданды;
4. Жиынтық есеп: жаңа түскен кітаптар жиынтық есеп кітабына жазылды;
5. Қорға түскен жаңа оқулықтар ретімен қойылды;
6. Мазмұны ескірген оқулық пен әдебиеттерді есептен шығарылды;
7. Оқулықтың сақталуына тексеру жүргізілді.

Оқу-тәрбиелік үдерісті қамту мақсатында:

1. Оқырманға кітапхананы қолдану ережелерімен таныстырылды;
2. Оқырмандарғақызметкөрсетілді;
3. Кітапкөрмелеріұйымдастырылды;
4. «Оқуға құштар мектеп» стенді ілініп, бұрыш ашылды;
5. Кітаптардың мазмұнына, тіліне, түріне, дерегіне қарай бөлінді;
6. Оқырмандары кітапханаға жазып (оқырман формуляры толтырылып, тіркеу кітабына жазылды;
7. Жаңа оқырмандар тіркеліп, күнделікке жазылып, есептеліп отырылды.

Оқу тәрбие процесіне көмектесе отырып, оқушылармен мына іс-шаралар өткізілді.


Кітап көрмелері:

-«Ата Заң- Тәуелсіздіктің айғағы» (тақырыптық сөре)
-«Айбыны асқақ тұғыры биік Қазақстан» (тақырыптық сөре)
-«Оқуға құштар мектеп» бұрышы
- «Латын әліпбиі ұлттық жаңғырудың жарқын болашағы» (тақырыптық сөре)
- «Салауаттылық өмір салтымыз» (тақырыптық сөре)
- «Ата дәстүр,салт -қазына» (тақырыптық сөре)
-«Туған жер тұнған шежіре» (тақырыптық сөре)
-«Тарих ғасырлар куәсі» (тақырыптық сөре)
-«Жаңа кітаптар- жан азығы» (жаңа кітаптар көрмесі)
-«Туған елім –Қазақстан» (кітап көрмесі)

Библиографиялық- шолулар танымдық сабақтар өткізілді.


10 сынып оқушылары кітапханаға саяхатқа келді. Балаларға кітапхана туралы және ережелерінен жалпы мағлұматтар берлді. «Кітап әлеміне саяхат» атты кітап көрмесіне қойылған жаңа әдебиеттермен таныстырылып, білім әлеміне саяхат жасалды. Балалар қордан мерзімді басылымдар мен қатар қызықты ертегілер, сансыз сұрақтарға жауап беретін энциклопедиялармен танысты.Іс-шара соңында оқушылар өздерінің жаттаған өлеңдерін мәнерлеп оқып берді. Кітапханашы оқушыларды кітап оқуға шақырды.

Мектеп кітапханашы **«20 минуттық кітап оқуды»** кестесін құрып оқырмандарды таныстырды. Өз сөзінде Кітап –асып тасымайтын асыл досымыз, кітап оқу адамды жан-жақты дамуға, ойлау қабілетін жетілдіруге рухани жағынан байытады дей келе мектеп ұжымын және оқырмандарды сабақтан тыс уақытта кітапханадан арнай жасақталған кітаптармен және балаларға арналған журналдарды алып оқуға үгіттеді.



Егер мұғалім өне бойына, өз ісіне, шәкіртіне деген сүйіспеншілікті жинақтаса, ол – нағыз ұстаз. Л.Н.Толстой


Мектеп кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылармен Төлен Әбдіктің «Қонақта» повестін оқып, талдау жүргізілді. Көрнекті жазушы Төлен Әбдіктің «Қонақта» әңгімесіне талдау жасалынды. 10 сынып оқушылары қатысқан бұл іс-шарада, оқушылар шығарманың тақырыбы мен идеясына тоқталып, кейіпкерлер бейнесіне, сондай- ақ ондағы көтерілген мәселе төңірегінде пікір алмасты. Шынайы өмірмен байланыстыра отырып, өздерінің ойларын ортаға салды.



Қазақтың дана перзенті Ахмет Байтұрсынұлының «Ұлттың ұлы ұстазы» атты оқушыларымен өлеңдерін мәнерлеп оқудан сайыс ұйымдастырылды. Кітапханашы кітап көрмесін ұйымдастырып, алаш қайраткерінің әр кітабына жеке шолу жасап өтті. Сайыс соңында жеңімпаздар марапатталды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасында «Мен оқыған бір кітап» атты кеш өткізілді. Сабақты Қазақ тілі әдебиет мұғалімдері жүргізді. Сабақ барысында оқырмандар соңғы оқыған немесе өздеріне ұнаған әдеби шығарма мен бөлісті, кітап несімен есте қалды, ең қызықты әсерлі жері туралы және сол кітапты оқуды бір біріне ұсынды. Қазақ тілі әдебиет пәнінің мұғалім М.Алпысбай өз сөзінде қазіргі таңда балаларға кітап оқытуды кітапханашылармен бірге қолға алып жатқаны туралы тоқтала кетті.

Кеш соңында қонақтар көптеген мәліметтермен қатар рухани азық алғандығы туралы айтып кетті.



«Жаңа кітаптар жан азығы»«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Мектеп кітапханасына келген жаңа кітаптарға шолу жасалынды. Кітапханашы Мұхтар Әуезовтың Көксерек, Сайын Мұратбековтың Жусан исі, Роза Мұқановаңың Мәңгілік бала бейне т.б. кітаптарынан қысқаша мәлімет беріп кетті. Жаңа әдеби кітаптарға оқушылар қызығушылық танытып жеке формулярларына жаздырып алып кетті. Кітапханшы оқушыларды алдағы уақытта жаңадан келген кітаптырды алып оқуға болатындығын айтып өтті. Әр жұма күні 20 минуттық кітап оқу сағатына шақырды.




Жазушы, драматург, абайтанушы М. Әуезовтың шығармаларына талдау жасалынды. Іс шара барысында оқушылар жазушының шығармашылық қызметі жайлы мағлұмат берді. Мұхтар Әуезовтың ең үздік шығармаларының бірі Абай жолы роман эпопеясы 20 ғасырдың ең үздік шығармаларының бірі екенін айтып өтті. Мұғалім өз сөзінде жазушы Көксерек повестін жазу барысында әйелі жазушыға күнтізбе сыйлағаны сол күнтізбеге қарап отырып айқа қарап ұлыған қасқырды көріп отырып жазушыға шабыт бергені жөнінде тоқталып кетті.
Оқушылар Жетім повестінен монолог оқыды. Оқушылар жазушы жайлы көптеген мәліметтер алып шығармаларына қызығушылықтарын білдірді.



Кітап-адам баласы ақыл ойынан туған рухани байлықты сайлап, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыратын құрал, білім мен тәрбие көзі. Кітап оқу-сөздік қорды байытады және жалпы сауаттылық деңгейін арттырады.Ендеше, кітап оқып жан азығымызды кітаптан іздейік.

10-11 сыныптар арасында **«Ең көп оқитын сынып»** мектепшілік байқауы өткізілді. Іс шараның мақсаты кітапхана оқырмандарды кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру. Оқушының рухани интеллектуалды дамуына ықпал ету, кітап оқуды насихаттау. Байқау үш кезеңнен өтті бірінші кезең «Кітап білім бұлағы» оқыған кітаптардан мәлімет беру.Екінші кезең «Сұрақтарға жауап беру» Үшінші кезең «Тапқыр болсаң тауып көр» бейне ролик арқылы кейіпкерді табу.

20 минуттық кітап оқу сағатында Жаңашыл оқырмандар клубымен бас қосу болып өтті қазақ тілі әдебиет пәнінің мұғалімі М Алпысбай өзінің оқыған әдеби шығармаларын оқушыларға ұсынды мысалы: Ник Вуйчичті «Өмірде шектеу жоқ», Напалеон Хиллдің «Ойлан да байы», Виктор Франклдің «Өмірден мән іздеген жан», т.б. кітаптардан үзінді айтып оқушылардың қызығушылығын оятып осы кітаптарды оқуға ұсынды. Оқушылар өздерің оқыған кітаптарымен бір-бірі мен пікір алмасты.









Оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалану, қысқы демалысты қызықты әрі пайдалы өткізу мақсатында «Қысқы демалыста10 кітап оқимыз» акциясы ұйымдастырылды. Балалар соңғы келген шытырман оқиғаларға толы әдебиеттерді қызыға оқып демалыстың бірінші күнінен ақ өздерінің кітапқа деген кері байланыстарын беріп отырды. Рухани азығымыз болып табылатын өшпес қазынамыз, ол «Кітап» әр кітап асыл қазынамыз әр кітапта тұнған тарих жатыр.

«Ұлт ұстазына құрмет» алаштың көрнекті қайраткері А.Байтұрсынов пен қазақ әдеиетінің классигі, М Әуезовке арналған танымыдқ іс шаралар болып өтті. Ағартушы ғалым, ұлт ұстазы А Байтұрсыновтың өмір және еңбек жолына арналған «Адамзаттың ұлы ұстазы» тақырыбында викториналық сайыс ұйымдастырылды. Сайыс барысында оқушылар екі топқа бөлінді, оқушыларға сайыстың шарты түсіндірілді, А.Байтұрсынұлының өмірбаяны және шығармашылығы туралы сұрақтарға жауап беріп, өз білімдерін көрсете білді. Соынмен бірге қазақ КСРҒА ның академигі, қоғам қайраткеері, жазушы филолог М.Әуезовке арналған «Қазына қалдырған қаламгер» әдеби танымдық шарасы болып өтті. Келер ғасырда да кемелдене беретін кемеңгер тұлғаларымыз А.Байтұрсынов пен М.Әуезов тек сізбен біздің ғана емес, әлі дүниеге келмеген жаңа ұрпақтардыңда сарқылмас игілігі өлшеусіз.



Мұқағали Мақатаев – қазақ поэзиясы әлеміне шетсіз, шексіз кеңістік пен биіктік әкелген ақын. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында қыран тағыдырлы ақынымыз Мұқағали

Мақатаевтыңтуылған күніне арналған «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» атты әдеби кеші өтті. Іс шара барысында ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқып өмірбаянымен таныстырды. Ақын туралы бейне ролик көрсетілді.



Аңызға айналған кемеңгер билеуші, жаужүрек батыр Бейбарыс сұлтанның 800 жылдығына орай **«Бейбарыс Сұлтанға 800 жыл»** атты танымдық тәрбие сағаттары өтіліп, кітап көрмесіне саяхаттар ұйымдастырылды.
Дүниені дүбірлеткен Бейбарыс бабамыздың ерлігі біз үшін қашан да мақтаныш. Сондықтан да ұлттық рухты көтерер қаһарман бабалар ерлігін жаңғыртып отыру, кейінгілерге жеткізу бізге аманат және парыз болып келеді.
Түркі өркениетімен қоса Ислам тарихында көл-көсір із қалдырған Бейбарыс сұлтанның даңқты ерлігін танымдық сабақтармен байланыстырып оқушылар бойына сіңіре білді.

«Кітап рухани қазынамыз» атты 20 минуттық кітапханалық сағаты өткізілді. Іс шараға 10-11 сыныптар арасындағы оқырмандар қатысты. 10 сынып оқушысы Бекжігіт қазіргі таңда Анжела Дакуорттың Табандылық атты кітабынан үзінді айтып өтті. Ақсауле Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» кітабымен бөліссе Мақсат Төлен Әбдіковтың «Оқ қол» шығармасын сүйіп оқығаны туралы айтып өтті. Іс шара соңында оқушылар өз таңдаулары бойынша кітаптар алып тарқады.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Әлем әдебиетін бірге оқимыз» тақырыбында оқушылар арасында іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараға орта буын оқушылар қастыстырылды. Соынң ішінде 15 оқушы белсенділік танытты.

Мектеп кітапханасынан оқуға көркем әдебиет кітаптарын алып, оқылған кітаптары бірнеше, кітапхананың тұрақты оқырманы болған оқушылар өздерінің оқыған шығармаларын таныстырды.

23 сәуір Дүние жүзілік кітаптар және автор құқық күніне орай мектеп кітапханасынада «Қазақ тіліндегі 100 кітап» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ұйымдастырылған бұл іс-шара барысында оқушылар оқыған кітаптары жайлы ақпарат беріп, өз ойларымен бөлісті.
Сонымен бірге аталмыш күнге орай мектеп фаесінде «100 кітап оқимыз» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге оқушылардың сұранысын, қызығушылығын ескере отырып әр түрлі жанрдағы кітаптар қойылды.



Шымкент қаласыныңмектеп кітапханашыларына "Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастырудағы мектеп кітапханасының инновациялық қызметі" тақырыбында семинар өткізілді. Семинарға барлығы 30 кітапханашы қатысып, Clipchamp-онлайн бейне редакторы мен Gynzy-интерактивті онлайн тақтасында жұмыс істеуді үйреніп, «Lego Poetry», «Jenga Book», «Сүйікті бірінші парағым», «Кітабыңызбен бөлісіңіз» ойындарын практика жүзінде қолданып көрді, сонымен қатар «Австралиялық жаңбыр» сергіту сәті таныстырылып, «Reading Man» жобасы туралы мәлімет берілді. Өз кезегінде аталған әдіс-тәсілдерді кітапханашылар басқа да мектеп кітапханашыларына таратып, жұмыстарына енгізеді деген ойдамыз. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында **«Достық, мейірімділік»** тақырыбында үздік кітап оқушы сайысы ұйымдастырылды. Сайысқа қатысқан оқушылары С.Мұратбековтің «Жусан исі», «Анна Франктің» жазбалары, Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі», Т.Әбдікұлының «Оң қол» т/б повесттерін қорғап номинациялармен марапатталды.